

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» ҚеАҚ

«6D011300 (8D01504) – Биология» білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңестің 2023 жылғы жұмысы туралы

**ЕСЕБІ**

Диссертациялық кеңестің төрағасы - PhD, қауымдастырылған профессор м.а. А.Н. Калиева Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректордың 2021 жылғы 11 маусымдағы №207 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық кеңеске «6D011300 (8D01504) – Биология» білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертация қоргауды қабылдауға рұқсат берілген.

**1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жаңындағы «6D011300 (8D01504) – Биология» білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте 2023 жылдың 1 қантарынан бастап 31 желтоқсан айлары аралығында 3 Кеңес отырысы (эксперт тағайындау, қорғауға қабылдау, диссертацияны қорғау) өткізілді.

**2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).**

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы – 4 адам. Шетелдік фалым – Станкевич Петр Владимирович – п.ғ.д., профессор. Ұақытша кеңес мүшелері -3 адам (Докторанттың диссертация тақырыбына сәйкес бекітіледі).

Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшесі болған жоқ.

**2. Оқу орны көрсетілген докторанттар саны.**

Ерлаиева Жанар Муратовна, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау.**

- қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
- диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы;
- қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, накты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

Ерлаиева Жанар Муратовна

**Диссертация тақырыбы:** «Биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру»

**Мамандығы:** 6D011300-Биология

Диссертация Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде орындалған

**Қорғау тілі:** қазақша

**Қорғау өткен күні:** 18 сәуір 2023 жыл

**Ғылыми кеңесшілері:**

Курманбаева Меруерт Сакеновна – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Биоалуантурлік және биоресурстар» кафедрасының менгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор м.а., Алматы қ.

Кеңесбаев Серік Мұқтарұлы – «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» ҚеАҚ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қ.

Колев Танко Пеев – Пловдив - Аграрлық университеті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Пловдив, Болгария Республикасы.

Еліміздің саяси, рухани, экономикалық өмірінде болып жатқан өзгерістер, жаңа

стратегиялық бағдарлар, білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгерту. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім беру жүйесінің басты мақсаты маман даярлаудың сапасын арттыру, ғылыми-әдістемелік жүйесін жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерін оңтайландыру, нәтижесінде еліміздің дамуына, білім мен ғылымның жаңғыруына үлес қосатын, әлемдік бәсекелестікке қабілетті, ізденімпаз, шығармашыл, жаңашыл мамандарды дайындау болып табылады.

Қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарында білім беруде биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін жеткілікті айқындауда шешімін іздеңіру, мәселелерді анықтау, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға қойылған білім беру жүйесіндегі талаптар, докторант Ж.М. Ералиеваның «Биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігін айқындаиды.

Ғылыми жұмыста төмөнделгідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері анықталды.

Екінші нәтиже: күздік бидайды өсіруде тамшылатып суғару жүйесінің әсерін зерттеу негізінде биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды.

Үшінші нәтиже: күздік бидайды өсіруде тамшылатып суғару жүйесінің әсерін зерттеу материалдары негізінде биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі даярланды.

Төртінші нәтиже: биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік эксперимент нәтижесінде анықталды. Алынған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқу үдерісінен ендірілді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, биолог студенттердің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі дайындалды, «Бидай өсіруде смарт технологияларын пайдалану» атты оқу-әдістемелік нұсқаулығы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілді. «Қолданбалы биология және топырақтану негіздері» пәннің мазмұны оқу-әдістемелік нұсқаулығының оқу материалдарымен және тамшылатып суғару жүйесімен өсірілген күздік бидай сорттарына жүргізілген салыстырмалы зерттеу жұмыстардың нәтижелері берілген зерттеу материалымен жаңартылып, толықтырылды. Аталған оқу-әдістемелік нұсқаулықты ЖОО педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлауда, өзбетінше білім алуша қолдануға болады.

##### 5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейілінше сапасыз пікірлерді мысалы ала отырып)

Диссертациялық жұмыска рецензенттер ретінде биология саласындағы және биологияны оқытуудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерге үлес қоскан отандық белгілі ғалымдар бекітілген. Рецензенттерді тағайындау Ереже талаптарына сай жүргізілді. Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер мен реєстрированные рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттердің пікірлерінде зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдары, диссертация бойынша ескертулер мен ұсыныстары берілген. Алайда ескертулер тек ұсыныс ретіндеға айтылып, ол жалпы жұмыстың сапасына нұқсан келтірмейтіндігі көрсетілген. Сапасыз рецензиялар болған жок. Реєстрированные рецензенттердің қорғалған жұмысқа берген рецензиялары диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді.

Ералиева Жанар Муратовнаның диссертациялық жұмысы бойынша реєстрированные рецензенттер туралы мәліметтер:

Ибадуллаева Салтанат Жарылқасыновна – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, биология ғылымдарының докторы, профессор, h - 2, Қызылорда қ.

Затыбеков Алибек Камзабекович – Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты, молекулалық генетика зертханасының аға ғылыми қызметкері, PhD, h - 3, Алматы қ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар- жок.

7. 6D011300-Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін даярланған диссертациялардың саны:

№		6D011300-Биология
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	1
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
2	Қараудан алғыншы тасталған диссертациялар	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
3	Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
4	Қорғау қорытындысы бойынша оң шешім алғандары	6
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
5	Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
6	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0

Диссертациялық кеңестің төрайымы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Калиева А.Н.

Батаева Д.С.

